№89
(20562)

# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13 маусым, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

## ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Түркия тарапының бастамасы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Түркия Президенті Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевқа және бауырлас Қазақстан халқына көңіл айтты.

Әңгімелесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

***

Өзбекстан тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан Президенті Абай облысындағы өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Мемлекет басшысына және Қазақстан халқына көңіл айтты. Шавкат Мирзиёев қаза тапқан азаматтардың отбасының қайғысына ортақ екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында тараптар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін тағы да растады және әлемдегі қазіргі жағдай туралы пікір алмасты.

## КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты шет мемлекеттердің басшыларынан, халықаралық құрылымдардың өкілдерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түскен.

Ресей Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына Қазақстанның шығыс аймағындағы алапат орман өртіне байланысты өзінің қолдауын және жылы лебізін білдірген. «Табиғат апатының ауыр салдары еңсеріліп, зардап шеккен аумақтар қалыпты өмірге оралатынына сенімдімін», – деп жазылған Ресей Президентінің жеделхатында.

Сондай-ақ, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев: «Осындай қайғылы сәтте Сізге және бауырлас әрі достас Қазақстан халқына көңіл айтамын. Қаза тапқандардың туыстары мен жақындарының қайғыларына ортақ екенімді жеткізуіңізді сұраймын» – деген жеделхатында.

Осындай мазмұндағы жеделхаттар Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтан, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон мен Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовтен, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев,Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған және Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифтен де келген.

Көңіл айту жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр деп хабарлады akorda.kz.

# АЗА ТҰТТЫРҒАН АЛАПАТ ӨРТ

Биылғы жаз жақсылығымен келмегендей. Өкінішке қарай, еліміз қаралы күн жариялауға мәжбүр болды. Абай облысында басталған өрт 14 орманшының өмірін жалмады. Әкесінен айырылған бала бар, қара жамылған ана бар. Әр жылы жаз басталғанда әлем елдерінің біразында орман өрті болатыны, оны табиғи апатқа балап жататыны рас. Десек те, бұл жолы төтенше жағдай саласында олқылық бары, ерекше реформа қажет екені аңғарылды.

Оқиға басталғалы не болды, не өзгерді? Қандай сабақ алдық? Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жауапты саланың жұмысын қалай бағалады? Осы мәселелердің бәріне зер салып көрейік.

**Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»**



### «АЙНАЛСОҚТЫҢ» АЛДЫН АЛМАДЫҚ

Шыны керек, Қазақстанда орман мен дала өрті табиғи апат ретінде сипат алған. Жыл сайын мыңдаған өрт тіркеледі. Кейде көрші елдердегі өрттің зардабын да шегіп жатамыз. Мәселен, өткен айда Ресейдің жиырмадан астам өңірін ландшафтық алапат өрт жайлады. Салдарынан Қостанай, Солтүстік Қазақстан облысындағы елді мекендер іргедегі елден желге ере жеткен көк түтінге тұншықты. Қазақстанның өзінде жалын тілі даланы шала бастады. Бір қызығы, Төтенше жағдайлар министрлігі сол кезде-ақ тіпті қалалардың да өрттен қорғалмағанын ескертіп, дабыл қақты. Олқылықты түзету үшін талапты күшейту жұмыстары қолға алынғанын хабарлады, яғни, жауапты министрлік қауіптің барын білген. Білмейтіндей жөні де жоқ еді, себебі өткен жыл елімізге ауыр болды, тек ормандардың өзінде 801 өрт болып, 104 мың гектар орманнан айырылып қалдық. Экологияға зиянды қоспаған күнде де тікелей материалдық залал 20 миллиард теңгеден асты. Мысалы, былтырғы қыркүйекте Қостанай облысындағы Басаман және Семиозерный орман шаруашылығының аумағында болған ірі өрт салдарынан бір адам қаза тапты, 91 үй жанып кетті. Тек сол өрттен келген шығын 18 млрд теңгеден асты, өрт шалған аумақ 39 мың гектардан асты немесе орман шаруашылығы аумағының үштен бірін құрады.

«Қазгидромет» те ауа қызуы +25°С көтерілгенде өрт қаупі туындайтынын, ал Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстанда алда температураның +30°С дейін жоғарлайтынын ескертті. Бұл ормандардың отқа орану қаупін едәуір арттыратын еді. Жыл басынан бергі 5 айда 122 орман өрті тіркелгені – соның дәлелі. Ол өрттің жалпы ауданы 19 мың гектардан асып жығылды. Тіпті, Іле-Алатау табиғи паркінің тау бөктеріндегі, Медеудегі өртті сөндірем деп жүріп бір қызметкер қаза тапқан болатын. Бұл соңы емес екен.

2-бет





# ҚАЙРАТКЕРДІҢ СОҢҒЫ САПАРЫ



Жексенбі күні Алматыда қалың жұртшылық көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Сыр елінің асыл перзенті Бердібек Машбекұлы Сапарбаевты ақтық сапарға шығарып салды. Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры ғимаратына жиналған зиялы қауым саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған тұлғаның қайраткерлік қыры, кәсіби білігі, азаматтық келбетіне тоқталды. Жақын-жуығына, қазаны қайғыра қабылдаған қалың жұртқа көңіл айтты.

Қоштасу рәсіміне мемлекет және қоғам қайраткерлері, Үкімет мүшелері, бірқатар аймақтың әкімдері, Парламент депутаттары, мәдениет, спорт, басқа да салалардың өкілдері қатысты.

Қаралы жиынды ашқан Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын оқыды.

«Бердібек Машбекұлы ұзақ жылғы еселі еңбек жолында лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өркендеуіне және өңірлерді дамытуға мол үлес қосқан еді. Мемлекетіміздің сындарлы саясатын зор біліктілікпен жүргізе білді. Қазақстанның беделі мен мәртебесінің арта түсуіне қажыр-қайратын жұмсады. Азаматтық қадір-қасиетімен ел ішінде құрметке бөленді. Соңына өшпес із қалдырған Бердібек Машбекұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», делінген жеделхатта.

Қоштасу рәсімінде еліміздің іргелі бес аймағын басқарған, екі рет Үкімет басшысының орынбасары болған, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жауапты міндеттер атқарған Бердібек Машбекұлы жайында естеліктер айтылды. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов:

– Ағамыз еліміздің ең күрделі құрылымдары мен аймақтарында аянбай еңбек етті. «Кризис менеджері» атанған тау тұлғаның әрбір жүйелі, нәтижелі жұмысының ар жағында білім мен білік қана емес, үлкен жүрек жатты. Елдің өркендеп, өрістеуіне бар ғұмырын арнаған ардақты азаматтың үлкенге құрметі, кішіге ізеті де ерекше еді. Адам ретінде де, мансап биігінде де бар білгені мен түйгенін кейінгі буынға үйретіп кетті, – деді.

– Бердібек шығыс пен батыста да, қар мен суықта да игі істердің басында жүріп халқына қалтқысыз қызмет етті. Тек қана басшы болған жоқ, елдің арқа сүйер ағасы болды, үлкен құрмет пен сыйға бөленді. Шынын айтқанда, ол кісінің алға қойған жоспары әлі де көп еді. Оңтүстік Кореяға барар алдында Алматыға келгенде дидарласқан едік. Ол 70 жасын атап өткен жоқ. Сол жолы маған: «Биыл амандық болса күзде егін жиналып, халықтың көңілі орнына түскен кезде елге барып көптен көрмеген туыс-туған, дос-жаранның басын қосып той жасасам», деген еді. Онымен қоса ұзақ жылғы тәжірибесі мен білімін жастарға үйретіп, университетте сабақ беруді ойға алғанын айтқан болатын. Өзін өте сергек һәм қайратты сезінетін. Алланың ісіне шара бар ма? Рухы шат болғай, – деп еске алды мемлекет қайраткері Икрам Адырбеков.

Марқұммен ұзақ жылдар бірге қызмет еткен қоғам қайраткері Амалбек Тшанов Бердібек Машбекұлының іскерлік қырына ерекше тоқталды.

– Бекең – шын мәнінде өз ұлтының адал перзенті. Ұлттың дүниетанымы, табиғаты, қасиет-қалыбы оның бойынан үнемі көрініп тұратын. Тәуелсіздік жылдары ел ағаларымен мемлекет іргесін бірге қаласып, үлкен жауапты бетбұрыстардың басы-қасында өзі жүрді. Ұйымдастырушылық қабілеті, адамдармен тіл табысуы ерекше еді. Қазақта: «Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» дейтін мақал бар. Өзі басқарған әр өңірдің тыныс-тіршілігін тереңнен зерделеп, экономикалық дағдарыстан аймақтарды аман алып шығудың жан-жақты жолдарын алға ұстады. Өз ісіне адалдық танытып, елге аянбай қызмет еткен перзентін қазақ халқы ешуақытта естен шығармайды деп есептеймін, – деді ол.

Марқұм Алматыдағы «Кеңсай-2» қорымына жерленді.

**«СБ» ақпарат**

# ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ТАУСЫЛМАС «ЖЫРЫ»

Елімізде баспана алуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың көп екенін жақсы білеміз. «7-20-25»-тен бастап, «Бақытты отбасы», «Баспана Хит» пен «Шаңырақ», одан қалса әр өңірдің жастарды тұрғын үймен қамтитын жобалары бар. Әрине, бұның бәрін игі істің қатарына жатқызсақ болады. Дегенмен кей бағдарламалар турасында басылмаған дау да бар. Мәселен, былтыр қазанда көпшіліктің баспаналы болуына септескен «7-20-25» бағдарламасы аяқталуға таяғаны хабарланды. Көп ұзамай мемлекет «7-20-25»-ке балама болатын жаңа ипотекалық бағдарламаны нарыққа шығаруға ниет етпек.

Жалпы, жеңілдетілген ипотеканың тиімділігі жайында сан түрлі пікір бар. Бірі қажет санаса, енді бірі бұл істі банктердің өзіне қалдырғанды жөн деп есептейді. Біз осы турасында сараптап, мамандар пікірін біліп көрдік.



**Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»**

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2023



Құрметті оқырман

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 3500 теңге.
мекемелер үшін – 4500 теңге.

# АЗА ТҰТТЫРҒАН АЛАПАТ ӨРТ

## САЛАДАҒЫЛАРДЫҢ СОЛҚЫЛДАҚТЫҒЫ

Өз алдына бөлек құрылым саналатын Төтенше жағдай министрлігі көктем басталғалы өрт қаупін ескертіп, дабыл қағумен әуре болғанын айттық. Біз төтеншеліктерді мақтай да, даттай да алмаймыз. Тек ведомство қолға алдық деген іс-шаралардың түгелі дерлік оқу-жаттығу һәм ескерту түрінде болғаны қынжылтады. Мүмкін іске кірісуге кедергі болған жайттар бар шығар? Мысалы, көктемде министрлік өңірлерде профилактикалық іс-шараларды іске асыруға кіріскенін мәлімдеді. Өртке қарсы қызмет мамандары шаруа қожалықтарын аралауды бастағанын, құрғақ шөптің ортасында отырған фермерлерге өрттен қалай қорғануды түсіндіріп, нұсқама-инструктаж өткізіп жүргендерін жария етті. Бұған қоса, ұлттық парктер мен табиғи қорықтарға тексеру жүргізіп, өрт сөндіру құралдарын түгендеу, алдын алу шараларын түсіндіру қолға алынғанын хабарлады. Әйтсе де аздық ететіні көрініп тұр.

Тағы бір кемшін тұс – ғарышта ел қаржысынан көп шығын шығарылған отандық төрт жерсерік ұшып жүр, құзырлы органдар солар арқылы жерге көз салып, жаңа басталған өрт ошақтарын тез анықтап, ушықтыруға жеткізбей отыруға тиіс еді. Алайда оны кеш ойлағандай. Ғарыштық мониторингті қамтамасыз ету үшін барлық өңір «Қазақстан Ғарыш Сапары» компаниясымен енді ғана шарттар жасаған. Ал «тілсіз жау» көршіден шабуыл жасамауы, өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтау үшін Ресей және Қырғыз Республикасының Төтенше жағдайлар министрліктерінің бөлімшелерімен шекара маңы аумақтарында 10 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізу жоспарланыпты.

Осыған дейін Экология және табиғи ресурстар министрі Зұлфия Сүлейменова еліміздің мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 30,9 млн гектар ғана екенін, оның небәрі 25,2 пайызы министрліктің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің қарауында екенін жеткізген. Қалған 73,7 пайызы әкімдіктерге жүктелген екен. Ал әкімдіктерде үнемі бюджет тапшы. Демек, ормандарымыз екі ортада қорғансыз тұр. Төтенше жағдайлар министрлігі осы жайттардың бәрін алдын ала тізбектеп, кем-кетігін түзеуге күш салуы қажет еді.

## ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ – ПАРЫҚСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ ҮШІН

Сонымен, Семей орманындағы өрт бой бермей, адам өмірін жалмады. Қаншама қызметкер мен техникалық күш күресіп бақты. 1500 адам, 300-ге жуық техника жұмылдырылды. Соған қарамастан өрттің түтіні Жетісу облысына дейін жетті. Маңайындағы ауылдың тұрғындары эвакуацияланды. Шарасыздығы үшін Юрий Ильин Төтенше жағдайлар министрі лауазымынан босатылды.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өртте қаза тапқандардың отбасына көңіл айту үшін Абай облысына ұшып барған болатын.

«Мен сіздерге көңіл айту үшін арнайы келдім. Екіншіден, жан-жақты көмек көрсетіледі. Қаржылай да, басқа да көмек көрсетіледі. Балалар балабақшаға, ЖОО-ға орналастырылады – бәрі орындалады. Мен, әрине, сіздермен біргемін. Сіздер – еліміздің азаматысыздар. Мен сіздер үшін жауаптымын. Мен Мемлекет басшысы ретінде болған жағдай үшін кешірім сұраймын. Өте ауыр жағдай екенін түсінемін. Асыраушыларыңызды, отағасын, ең жақын туыстарыңызды жоғалттыңыздар. Өкінішке қарай, өмірде мұндай қайғылы жайттар болады. Мұны ақтайтын ешқандай себеп жоқ. Тағы да айтамын. Моральдық және материалдық көмек көрсетіледі», – деді Президент.

Міне, осыдан соң Мемлекет басшысы жауапты тұлғалардың жөнсіздігін сынап, ашық айтты. Президенттің сөзінше, министрлік апаттың ауқымы бойынша әуелде қате болжам жасаған. Олардың бәрі осы үшін жазаланбақ. Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысында шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізіп, Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевқа өз міндетін тиісті деңгейде атқармағаны үшін сөгіс жариялады. Кейін Мемлекет басшысының Жарлығымен Абай облысында болған төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ адам «Құрмет» орденімен марапатталды.

Түйін: 14 адамның қазасы кімге болса да ауыр тигені анық. Қазір тиісті министрліктер қолдан келгенше көмек көрсетуге тырысып, депутаттар жағы мамандардың жауапсыздығын сынауда. Бәрі де жөнді, дегенмен алда мұндай оқиғаның қайталанбасына кепіл бере аламыз ба? Салдарынан бұрын себебін ойлайтын төтеншеліктерді жасақтау үшін міндетті түрде салада реформаның қажет екені анық.



1-бет

# ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ТАУСЫЛМАС «ЖЫРЫ»



## ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ БАР МА?

Былтыр күзде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі болып тұрған шағында Қайырбек Өскенбаев «7-20-25»-тің орнын басатын жаңа бағдарламаны қолға алып жатқанын мәлімдеді. Сол кездегі министрдің сөзінше, мемлекет алдымен халықтың әлеуметтік осал тобының баспанамен қамтылғанын қалайды. Бірақ басқа да негізгі адамдар массасы туралы ұмытуға болмайтынын ескерткен. Демек, әркімді категорияға бөлмей, туындаған қиындыққа байланысты әр отбасына жеке мән беру керек. Бір сөзбен айтқанда, әр отбасының цифрлық портреті құрылады.

«Заң аясында қарастырып жатырмыз. Ең бастысы, алғашқы жарнасы және қолжетімді ставкасы болады, 7 пайыз шегінде. Есте болса, «Баспана Хит» бойынша 12 пайыз болған еді. Қайталама нарық қатты сұранысқа ие болды. Адамдар жаппай сатып алды, бірақ біз 7 пайыздан асырмаймыз деп отырмыз», – деген еді Өскенбаев.

Алдын ала мәліметке сүйенсек, несие беру мерзімі 20 жылды құрамақ. Алғашқы жарна алынатын тұрғын үй құнының 20 пайызынан кем болмайды. Үйді бірыңғай оператор кепілдік берген, салынып жатқан құрылыстан да, бастапқы нарықтан да алуға болады. Займның ең жоғары сомасы өңірлерге байланысты өзгереді. Мысалы, Астана мен Алматы қаласында – 35 млн теңгеге дейін; Ақтау, Атырау және Шымкент қаласында – 25 млн теңгеге дейін; Қарағанды қаласында – 20 млн теңгеге дейін; өзге аймақтарда – 15 млн теңгеге дейін. Былтыр тиісті органдар және екінші деңгейлі банктер бағдарлама шарттарын талқылаған. Әйткенмен алдағы уақытта қандай да бір өзгерістер енгізілуі мүмкін. Ал «7-20-25» бағдарламасы 2018 жылдың жазында басталғанын білеміз. Содан бері тиімді әлеуметтік бағдарламаның арқасында мыңдаған қазақстандық баспаналы болыпты. 2021 жылдың 19 мамырында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова «7-20-25» бойынша қаржыландырудың тоқтайтынын мәлімдеген. Содан бері аталған бағдарламаның аясында дау туындай бастады.

«Мемлекет нарық принциптеріне орын босатып, біртіндеп несиелеу бағдарламаларынан шығуы керек. Үкімет тікелей қаржыландырудан кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік тәуекелдеріне кепілдік беруге көшу мүмкіндігін қарастырады. Осыған байланысты биыл жыл басында Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімге қол қойылды. Ол бойынша Ұлттық банк 2023 жылдан бастап мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудан кете бастайды», – деген болатын Әбілқасымова.

Дау деп нені меңзедік? Негізі «7-20-25» бойынша 1 жылға 100 миллиард теңге қарастырылып отырды. Бірақ ол сомма сұраныстың көптігінен жетпей жатты. Әр үйді 20 миллион теңгеден бағаласақ, 5 мың баспана алуға жетеді. Ал бір ғана елорданың өзінде бағдарлама бойынша кезекте мыңдаған адам тұр. Ақыры көпшілік бекітілген лимитті алып тастауды сұраған. Әйтсе де жауаптылар лимитті көбейте алмайтыны белгілі. Қосымша қаржы тағы да шығынды талап етеді. 2022 жылдың 29 қыркүйегіндегі ақпарат бойынша «7-20-25» аясында 54 022 займ берілген, ол үшін 701,5 млрд теңге қаржы бөлінген. Ұлттық банк таратқан дерек бойынша, бағдарлама аясындағы займдардың басым бөлігі Астана (287,4 млрд теңгеге 18914 займ), Алматы (157,8 млрд теңгеге 10712 займ) және Шымкент (48,2 млрд теңгеге 4008 займ) қалаларына тиесілі екен. Бағдарлама қаржыландыру көлемі 1 трлн теңгеге жеткен кезде толық тоқтайды. Қазір банктер бұл бағдарлама бойынша ипотека бермей жатқаны – соның бір дәлелі.

Айтпақшы, «7-20-25»-пен бірге ел арасында ерекше танымал болған «Баспана Хит» ипотекалық бағдарламасы бойынша да азаматтар бастапқы және қайталама нарықтан үй сатып алды. Сондай-ақ, бұл бағдарлама аясында үлестік құрылыстан да үйге тапсырыс беруге болатын. Бағдарлама аясында баспана 15 жылға дейінгі мерзімде, жылдық 10,75 пайызбен және алғашқы жарнаның 20 пайызын құю талабымен беріледі. Бірақ бағдарлама 2021 жылдың соңында аяқталып қалды.

## ҚАЙТА ҚАРАЙТЫН ЖАЙТ КӨП

Таяуда Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға дәл осы мемлекеттік бағдарламалар бойынша депутаттық сауал жолдады. Оның ойынша, халықты қолжетімді және сапалы баспанамен қамтамасыз ететін мемлекеттік бағдарламалар тиімсіз, сұранысты өтемейді. Осы жайттарға тоқталған ол бірнеше ұсыныс айтқан.

Ең алдымен «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламаларының талаптарына өзгеріс енгізу қажет. 2019 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан «Бақытты отбасы» бағдарламасына жыл сайын бюджеттен 50 млрд теңге төңірегінде ақша аударылып, 8 мыңға жуық отбасы үйлі болыпты. Бағдарлама аясында максималды несиелеу сомасы аймақтар бойынша 15 миллион теңгеге тең. 2019-2020 жылдары бұл ақшаға 2 бөлмелі үй алуға мүмкіндік болса, қазір пәтер бағасы өскен соң тек 1 бөлмелі үй алуға мәжбүр. Ал «Бақытты отбасы» бағдарламасына көпбалалы отбасылар қатысады, яғни, кемі 4 баласы бар отбасылар. Бір бөлмелі пәтерде 4 баламен қоса ата-анасының өмір сүруі қиын болатыны айтпаса да түсінікті. Демек, максималды соманы біршама көтерген жөн.

Бұл тұста Мұқаев жас отбасылардың ажырасу мәселесіне де тікелей баспана жайы әсер ететінін жеткізіпті. «Отбасы банкі» тарапынан жүзеге асып жатқан «Жас отбасы» бағдарламасында бастапқы жарна 50 пайыз деп бекітілген. Мұнша қаражат жастардың қолында бола қоймасы анық.

Депутат сауалында біз сөз еткен «7-20-25» бағдарламасы да бар. Бағдарлама ұйымдастырушылары «ақша бар, бәрі жақсы, бағдарлама жұмыс істеп тұр» деп көрсетеді. Алайда бірде-бір банк қазір «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотека бермейді. Мұқаевтың айтары сол – лимитті алып тастау жайы. Бірақ жауаптылар бұған келіспейтінін жоғарыда айттық. Себебі маусым сайын лимит қойып қойған. Халық банктер алдында түнеуге мәжбүр. Бұл тұрғыда «7-20-25» бағдарламасы бойынша лимитті алып тастау қажет. Бағдарлама 2029 жылға дейін созылады дегенімен, оған дейін аты бар заты жоқ бағдарламаға айналуы әбден мүмкін. Мыңдаған адам банктен мақұлдау алғанымен, лимит кесірінен үйдің кілтін ала алмай жүр. Не де болса, мемлекеттік бағдарламаларды қайта сүзгіден өткізу қажет-ақ.

## БАҒА ӨНДІРІСПЕН ӨЛШЕНЕДІ

Жалпы, жеңілдетілген ипотека немесе жеңілдетілген автонесие, арзан кредитке келгенде қаржы мамандарының көбі жақсы көзқарас танытпайды. Неге? Себебі мұндайда елдің экономикалық ахуалын да ойлау керек. Мысалы, экономист Арман Бейсембаевтың айтуынша, жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалардың қажеті шамалы. Оның орнына банктер өздері жылдық 17-18 пайызбен несие беруі қажет.

– Түрлі бағдарламалардың пайдасы аз. Қазір пайдасы бар секілді боп көрінгенімен, түбінде экономикаға орасан зиян алып келеді. Пайыздық ставка 15 пайыз шамасында тұрған кезде 7 пайызбен несие беруге болмайды. Бұл – нонсенс. Қазір мемлекеттік ипотека бүкіл ипотека нарығының 100 пайызын иеленіп тұр. Егер түрлі ипотекалық бағдарламаларды тоқтататын болсақ, үй бағасы адекватты күйге оралады, – дейді сарапшы.

Маманның сөзінше, мұндай жеңілдетілген бағдарламаларды халықтың белгілі бір санаты, мәселен, көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, мүгедектер, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар үшін ғана қалдырған оңтайлы болмақ. Бейсембаевтың сөзінің жаны бар, өйткені жоғарыда айтқан бағдарламалардың шикілігі сол қаржы жағынан шығып тұр. Дегенмен тағы бір маман – экономист Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, біздің жағдайымызда жеңілдетілген ипотекалар міндетті түрде болуы тиіс.

– Басқалай балама болатын нұсқа жоқ. Егер жеңілдетілген ипотекаларды жоятын болсақ, халыққа қолжетімді баспана бағаларын қалыптастыруымыз керек. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, бізде еш құрылыс компаниясы тұрғын үйлерін нарықтағыдан 10-15 пайызға арзан етіп сата алмайды. Олардың да өз уәжі бар: құрылыс материалдарының 65-70 пайызы шетелден келеді. АҚШ долларымен немесе рубльмен алып, теңгемен сату тиімсіз. Ал тұрғын үй құнын қолдан түсірсек, қаншама компаниялардың банкрот болуына соқтырамыз. Сол себепті мемлекет нарыққа тиімді әсерін тигізу үшін жеңілдетілген несиелер беруі керек. Егер бұндай бағдарламалар жойылса, көптеген саланың құлдырауына жол ашып аламыз. Компаниялар 35-40 пайыз потенциялынан айырылады. Түбінде құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындардың да жұмысы шектелуі мүмкін. Қазіргі басты мәселе – құрылыс материалдарының кем дегенде 70 пайызын отандық өндіріспен өтеу мақсаты. Сол кезде ғана бағаның өсуі тоқтар еді, – дейді ол.

Ысқақовтың айтуынша, алдағы 10 жылда халықтың тұрғын үйге сұранысы 15-20 есеге дейін өседі деген болжам бар. Бұл тұста банктердің ипотекалық бағдарламалары да назардан тыс қалмауы тиіс. Жайлы, ауданы үлкен баспана алғысы келетіндер жағдайы жетсе нарықтағы бағамен несие ала бергені жөн.

Сонымен, баспана тақырыбында қайта қарайтын дүниелер жетерлік. Әрине, билік оның бәрін түсініп отыр, айыптай да алмаймыз. Өйткені сұраныс тым жоғары, оның бәрін өтеу қаржыға тіреледі. Жеңілдетілген ипотекалар азаматтардың баспаналы болуына септескені анық. Мемлекеттік бағдарламалардың әрі қарай жалғаса бергені абзал, әйтпесе халық үшін басқалай таңдау да жоқ болып тұр.

1-бет



# Аудан жаңалықтары

## ҚАЛАЛЫҚ МЕМҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖЕҢІМПАЗ

**ҚЫЗЫЛОРДА** ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күніне орай Қызылорда қаласында мемлекеттік қызметшілер арасында 7 спорт түрінен дәстүрлі спартакиада өтті.

Дүбірлі додаға қала мен аудандардан 25 команда және 1000-ға жуық мемлекеттік қызметші қатысып, бақ сынады. Аса тартысты бәсекелер нәтижесінде Қызылорда қаласы әкімдігі 1-топ бойынша жалпыкомандалық есепте 35 ұпай еншілеп, бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды 29 ұпаймен Қазалы ауданы әкімдігі иеленсе, үшінші орын Жаңақорған ауданы әкімдігінің командасына бұйырды.

## «КҮЛПЕТТІҢ» ТҰСАУКЕСЕРІ

**АРАЛ** Аудандық мәдениет үйінде орталық кітапхананың ұйымдастыруымен айдынды Аралдан түлеген Мәдениет қайраткері, жазушы, журналист, «Меценат. Кз» әдеби байқауының тұңғыш жеңімпазы Шархан Қазығұлдың шығармашылығына арналған «Парасат биігіндегі жазушы» атты кездесу кеші болды.

Оған аудан әкімінің орынбасары Кете-Төлеби Бержанов қатысып, жазушыға деген жылы лебізін білдірді. Кеш барысында жазушының «Күлпет» кітабының тұсаукесері өткізілді. Шархан Қазығұлдың 2022 жылы жарық көрген «Күлпет» романы «Меценат.Кз» жобасының әдеби байқауында озық шығып, авторға ай сайын 500 доллар көлемінде өмірлік сыйақы тағайындалған.

## КӨШЕ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ БІРЛІГІ

**ҚАЗАЛЫ** Аудан орталығы Әйтеке би кентіндегі М.Шоқай, О.Сүлейменов, Б.Бәймішев, Біржан сал көшелері тұрғындарының ұйымдастыруымен «Бірлігі бекем ел тату» атты тағылымы мол іс-шара өтті.

Жиынға арнайы барған аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов мазмұнды шараны өткізген азаматтарға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың құттықтауын жеткізіп, бірқатар азаматтарды аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады. Мұнан соң арнайы қонақ болып басқа қалалардан келген бұрынғы көше тұрғындары сөз алып, бірлігі бекем ағайынға алғысын айтты. Артынша бақилық болған жандардың рухына Құран бағышталып, дұға жасалды. Бұдан кейін қалың көпшілік көше тұрғындарының арасында өткен гір көтеру, қол күрес және қой көтеру сынды спорттық сайыстарды тамашалады.

## ЕРКІН ФОРМАТТАҒЫ КЕЗДЕСУ

**ҚАРМАҚШЫ** Аудан әкімі Жандос Еркінбек Қуаңдария және Т.Көмекбаев ауылдық округтерінің халқымен кездесті. Еркін форматта өткен кездесуде аудан басшысы жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Биыл Қуаңдария ауылында облыстық бюджет есебінен Ерімбет және Бейбітшілік көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, Т.Жұбандықов көшесінің бойындағы балалар ойын алаңына жасанды төсеніш және ауылға трансформатор сатып алынбақ. Одан бөлек, 5 көшені жарықтандыру үшін жоба-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптамадан өткізуге қаржы қаралып отыр.

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС БАСТАЛДЫ

**ЖАЛАҒАШ** «Ақтерек» сауықтыру лагерінде жазғы демалыс маусымы басталды. Лагерьдің ашылу салтанатына аудан әкімі Асқарбек Есжанов, ардагерлер, ата-аналар қатысып, балалардың алдағы жазғы демалысына сәттілік тіледі.

Биылғы маусымда «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 6 ауысымда 442 бала, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерінде 2028 бала, облыстан тыс лагерьлерде 150 баланы демалдыру жоспарланып отыр.

## ЕҢБЕК ЛАГЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

**СЫРДАРИЯ** Аудан әкімдігінің қолдауымен және аудандық жастар ресурстық орталығы мен Бесарық ауылдық округі әкімі аппаратының ұйымдастыруымен «Жастар. Еңбек. Нәтиже» атты аудан жастарының екі күндік еңбек лагері өтті.

Шарада еңбек пен шыдамдылықты ұштастырған аудан жастарының жаңа қырынан танылуына бірегей мүмкіндіктер берілді. Еңбек лагері жастарға қызықты өмірлік тәжірибе жинаумен қатар, ұмыт болған ұлттық құндылықтарды ұлықтауды, еңбек адамдарының тынымсыз еңбегіне алғаусыз алғыс айтуды үйретті. Жобада еңбек адамы Бейбіт Белгібаевпен кездесіп, еңбек жолына, жетістіктеріне тоқталды. Қатысушылар ауылдың тыныс-тіршілігі, тарихы және шаруашылықтың жұмыстарымен танысып, серке тартудан, қой көтеруден, күбі пісуден, сиыр сауудан, арқан тартудан, ләңгі тебуден, ұршық иіруден, ат ерттеуден, қамыр жаюдан сайысқа түсіп, бақ сынады.

## ОН ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

**ШИЕЛІ** Шиелі кентінде орналасқан «Асқар» ЖШС жеке балабақшасының құрылғанына 10 жыл толды.

Мектепке дейінгі білім беру желісі кеңейіп, балдырғандарға қызмет көрсетуді қолға алған балабақша ұжымы он жылдық белеске толағай табыстармен келді. Он жыл көлемінде материалдық-техникалық базасы нығайып, педагог кадрлардың біліктілігі артып, жыл сайын түлектерін мектеп қабырғасына шығарып салатын балабақшада қазіргі таңда 75 бала тұрақты тәрбиеленіп келеді.

Балабақша ұжымы мен бүлдіршіндерін мерейлі мерекелерімен Шиелі ауданы білім бөлімінің басшысы Жібек Орынбайқызы мен «Аманат» партиясы Шиелі аудандық филиалының төрағасы Болат Мұбарақұлы құттықтап, қызметкерлерді алғыс хаттармен марапаттады.

## ҚАҢЫЛТЫР ЦЕХЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**ЖАҢАҚОРҒАН** Жас кәсіпкер Мейірбек Изатуллаұлы қаңылтыр шығару цехын іске қосты.

Отандық өнімнің өрісін кеңейтіп, ішкі нарықты реттеуді көздеп отырған ол бұл кәсіптің пайдасы да барын айтады. Жалпы өнім ауыл, аудан орталығында ғана емес, облысқа және көршілес Түркістанға да жөнелтіледі. Баға базардан сәл төмендеу, қаңылтырлар 2 мың теңгеге дейін, ал, арнайы беттері 230 теңге төмен сатылады. Шикізаттың басым көбі Қытайдан әкелінеді.

**Дайындаған Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

# Бердібек Машбекұлы САПАРБАЕВ

## АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ

Қазақ қоғамы ауыр қазаға душар болды...

Алты алаштың ардағы, саф алтынның салмағы, ордалы елдің орманы, қордалы жердің қорғаны, мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың кенеттен пәниден озуы қабырғамызды қайыстырып кетті. Қазалы жағдайда азалы сөз айтудың өзі аса ауыр екен. Бірақ Абай атам айтпақшы,

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» тұлғаға бағыштап ниетінді білдіру – тірілердің міндеті. Тіпті баршаға ғана емес, өзіңе өзің көңіл айтумен бірдей. Олай дейтінім – Бекең мен үшін жаныма жақын адам, өмірімнің бір белесінде сәулеленіп тұратын тұлға. Сонау кеңес дәуірінде жоғары және арнаулы оқу министрлігінде жауапты қызмет атқарып жүрген, отыздың белортасына келген жайма-шуақ жігітпен танысып, табысқан сәтіміз бір ғұмырдың мазмұнына айналды. Сол кездегі Шаяхметов адам танитын кісі ғой. Бекеңнің болашағынан зор үміт күтті. Министрдің лауазымына тағайындалды. Қызметіміз сабақтас болғаннан кейін ағалы-інідей араласып кеттік. Менің қызмет жолымның өсуіне де септігін тигізді. Еліміздің қай аймағында жүрсе де, бір-бірімізге тілекші болып, келелі мәселелерді келісіп шешетінбіз. Бердібек Машбекұлымен сыйласып, құрметтескен кезеңдердің естелігін ол алпыс жасқа толғанда арнайы мақала етіп жазғанмын. Он жылдан соң мәңгілікке қоштасамын деп ойлаппын ба? Жалғанның жарығы бір-ақ тұтам деген рас екен.

Мен бауырдың туабітті қасиеттеріне ерекше таңқалушы едім. Нағыз бейнетқор әулеттен шыққасын ба, маңдай тердің бағасын білетін. Ұдайы ізденіп, істің көзін тамыршыдай танып жүретін. Сарқылмайтын сарқырама! Күнде арнасынан асып-төгіліп, жұмысқа барынша жегілетін. Мұндай адамды «еңбек туған күні туған» дейді. Төзімділігі қандай! Жігері жасымайды, бірақ телегейдей тасымайды. Бабасы Алпамыс батырды суреттегендей, «отқа салса, жанбайтын, суға салса, батпайтын» тұлға! Өмірінде ауыр күндер де көп болды. Басқа адам болса, жасынып-жаншылып, кеудесін жерден көтере алмай қалар еді, ал біздің Бекең қасіретке төзді, қасиетін биік ұстады.

«Сақ етер тиді санымa,

Сақсырым толды қаныма» деп, әулеттің қайғысынан әлеуметтің мүддесін биік қойды. Қайда жұмсаса да, «Гордиц түйіндерін» қылыштай қақ бөліп, күрделі мәселелердің ығытын тапты. Сондықтан да жұртты:

«Сүйер ұлың болса, сен сүй,

Сүйсінерге жарар ол» (Абай) деп, адал перзентінің абыройын асқақтатты! Ол соған лайық болды.

Өз басым «екінші өмір» деген ұғымға сенемін. Өйткені ол өмір заманның тынысында, адамның жүрегінде тұрады. Енді Бердібек Машбекұлының екінші өмірі жалғасады. Біздің жадымызда, ұрпақтар санасында!

Хош бол, аяулы бауыр-дос! Топырағың торқа болсын!

**Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,**
**академик**



**Қазақ елінің қабырғасы қайысып, орны толмас қазаға душар болды.**

**2023 жылдың 10 маусымында 71 жасқа қараған шағында мемлекетшіл тұлға «Отан», І дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының құрметті азаматы, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бердібек Машбекұлы Сапарбаев дүниеден озды. Сыр өңірінің халқы жоқтап, Қаратау мен Арал арасы аңырап қалды.**

Бердібек Машбекұлы Сапарбаев 1953 жылы 9 ақпанда Жаңақорған ауданының Бесарық ауылында туған.

1977 жылы Алматы Халық шаруашылығы институтын «Экономика және материалдық-техникалық жабдықтау» мамандығы бойынша бітірген.

Институт бітірісімен Мемлекеттік еңбек жинақтау кассалары басқармасында, ҚазКСР Қаржы министрлігінде еңбек етті.

Президент Аппаратында, Министрлер кабинетінде, бірнеше министрлікте жауапты жұмыстар жасады.

Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Жамбыл облыстарын басқарды. Кедендік бақылау агенттігіне төрағалық етті. Экономика және бюджетті жоспарлау вице-министрі қызметін атқарды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары лауазымдарына екі рет тағайындалды.

Бердібек Машбекұлы еліміздің өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қай қызметте де абыройлы, елге сыйлы, халыққа қамқор бола білді.

Болмысы биік, парасаты жоғары, ары да жаны да таза мемлекетшіл азаматтың, нар тұлғалы қайраткердің иманы саламат, жаны жәннатта болсын!

Бердібек Сапарбаевтың жарқын бейнесі халқының жадында мәңгі сақталады.

Бақұл болыңыз, Сырдың арда азаматы...

**Қызылорда облысының әкімдігі,**
**Қызылорда облыстық мәслихаты,**
**Қызылорда облыстық Қоғамдық кеңесі,**
**Қызылорда облыстық Ардагерлер кеңесі**

## ҚАЙТАЛАНБАС ҚАЙРАТКЕР

Өмір деген осы, ұшқан құстай зымырап өте шығады. Күні кеше ғана жайраңдай күліп, ел-халық қамы үшін еңбек етіп жүрген мемлекет және қоғам қайраткері, тумысы текті тұлға Бердібек Машбекұлы Сапарбаев та өмірден өтті.

Тонның ішкі бауындай аралас-құраласта жүрген азаматты өлді деуге әсте қимаймын. Өйткені, Бекеңнің артында өлмейтұғын ісі мен өшпейтұғын ізі қалды.

Менің пайымдауынша, Бердібек Машбекұлы төккен маңдай тері мен ерен еңбегін бұлдамайтын, күннен жұмыс, түннен тыныс сұрайтын, барға қанағат, жоққа салауат айтатын бала көңілді, дана сезімді жан еді.

Мен Бекеңнің ерекше екі қасиетін білетінмін. Біріншісі – дәулетті кезінде малын бұлдамайтын, ал кедей кезінде одан сырт айналмайтын. Екіншісі, ел-халық басына іс түссе малын ғана емес, жанын беретін жомарт жүректі жан еді. Бұл – өмір заңы. Кезі келсе сөздің сарасын айтатын, көзі жетпейтін іске көлденең килікпейтін қалпымен өмірден өтті.

«Тектіден текті туар, ата жолын қуар» – деп атам қазақ бекер айтпаса керек. Бекең – текті әулеттің тұяғы. Оның әкесі Машбек арқалы бір ауылға басшылық жасап, ерен еңбегімен ел-халықтың алғысын арқалаған азамат болған. Ата-тегінен тәлімді тәрбие алған Бекең де әке жолымен жаза баспай жүруді мұрат тұтқан.

Қорқыт атамыз: «Адамзаттың, еліміздің өркендеуі мен дамуына сіңірген еңбегі оның жасаған жасымен емес, өзінен кейінгілерге қалдырған игілікті ісімен бағаланады» деген екен. Бердібек Машбекұлы бар-жоғы 71 жасқа қараған шағында артында ұрпақтарға ұлағат болар ұлан-ғайыр игілікті істерін қалдырып, жалғаннан көшіп кетті. Еліміздің бес бірдей аймағына басшылық жасаған оның туған жер топырағына сіңірген еңбегі мен қалдырған қолтаңбасы өлшеусіз.

Әлі есімде, 1995 жылдың 25 қыркүйегінде Бердібек Машбекұлы Қызылорда облысы әкімі қызметіне тағайындалды. Сол уақытта мен Арал ауданы әкімі қызметінде болатынмын. Бекең маған ҚР Парламент Сенатының депутаты болуыма ұсыныс жасады. Ол кезде «Қызылорда облысы тарайды-мыс, облыстың оңтүстік аймағы Шымкентке, ал солтүстік аймағы Ақтөбе облысына қосылады» деген сыбыс тараған-ды. Ашығын айтуымыз керек, сол жылдары Қызылорда облысының сақталып қалуына бірден-бір себепші, себепші ғана емес, басшы болған Бекең болатын.

Сыр елінің өсіп, өркен жаюына сіңірген өлшеусіз еңбегін санамалап айту әсте мүмкін емес. Бір ғана дерек айтайын. Бекеңнің ұтымды ұсынысымен Қызылорда қаласы еркін экономикалық аймаққа айналды. Осының нәтижесінде салық төлемдерінің басым бөлігі, яғни кеден төлемдері аймақ экономикасына қалдырылып, сан алуан салаларға қомақты қаржы құйылып, қарқынды жұмыстар қолға алынды. Қызылорда қаласы жыл сайын жасарып, адам танымастай көрікті қалаға айналды.

Қайталанбас қоғам қайраткері туралы том-том етіп жазуға әбден болар еді. Ол – уақыт еншісінде. Атам қазақ: «Жақсының аты өшпейді» деген. Сол айтқандай, Бекеңді өлді деуге болмайды. Ол өзінің ұрпақтарына қалдырған ұлағатты істерімен ел-халықтың есінде мәңгілікке сақталады.

**Биғали КАЮПОВ,**
**мемлекет және қоғам қайраткері**

## ТҰЛҒАСЫ ТАУ КӨТЕРГЕН ТОЛАҒАЙДАЙ

Ел тәуелсіздігінің берік тұғырын қалаған тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың қазасы туған топырағы Сыр халқының ғана емес, күллі қазақ жұртының қайғысына айналды.

Бұл суық хабардан құлағдар болған халық бір тәулік ішінде әлеуметтік желілердің парақтарын көңілқосы мен қимас сезімге құрылған элегияға толтырды.

Осынау биік болмысты азаматқа деген әр қазақтың жүрек мұңын сезінудің өзі ауыр.

Бердібек Сапарбаевтың қандай тұлға болғанын барша қазақстандық жақсы біледі.

Оның есімі бірнеше министрліктен басқа бес бірдей облысқа басшылық жасаған жалғыз әкім есебінде тәуелсіз Қазақстан тарихына өшпестей жазылып қалды. Мемлекет басшысы Сапарбаевты қиыншылық туған, шешілуі күрделі мәселелер туындаған облыстарға әкім етіп жіберіп отырды.

Б.Сапарбаев ел Президентінің 1995 жылғы 29 қыркүйектегі Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды.

Бұл өңір экономикасының қиын кезеңге тап болған жылдары еді. Көптеген кәсіпорын жұмысы нарықтың қысымына ұшырады. Олар шикізаттардың жоқтығынан немесе өз өнімдерін өткізетін рынок таба алмады, еңбек ұжымдарының мүшелері ақысыз демалысқа жіберілді. Кезек күттірмейтін мәселелердің бірі облыс ауыл шаруашылығының жағдайы еді.

Қалыптасқан аса ауыр қиын жағдайдан шығу үшін облыс әкімі Б.Сапарбаев шұғыл шараларды жүзеге асыруды қолға алды. 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарлама жасалып, қабылданды.

Облысты дамытудың орта мерзімді бағдарламасына сәйкес реформаны тереңдету жұмыстары жеделдетілді. Атап айтқанда, меншік қатынастарын жаңарту, жеке сектордың қалыптасуы мен дамуын тездету, бәсекелестік ортаны құру, нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыру, тауар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуіне жәрдемдесу, басым бағыттағы өндірістің дамуы мен шетел капиталының енуінің жаңа үлгілері мен жолдарын іздестіру қолға алынды. Жасалған іс-шаралар көп ұзамай-ақ өз нәтижелерін бере бастады. 1996 жылы инфляцияның деңгейі оның алдындағы жылмен салыстырғанда 40 пайызға төмендеді, өнеркәсіп өнімінің көлемі 41,6 пайызға артты.

1997 жылы Семей, Көкшетау, Жезқазған, Талдықорған және Торғай облыстары бірінен соң бірі таратылып жатқан тұста, мұндай күйді Қызылорда облысы да бастан кешуі керек еді. Алайда, Б.Сапарбаев Қызылорданың табиғи ресурстары мен басқа да әлеуетін экономикалық талдаудан өткізіп, бұл облыстың қаржы сұрайтын өңірден республикалық бюджетке қаржы құятынын дәлелдеп, сақтап қала білді. Өңірді өркендетудің барлық амалдары қарастырылды. Қызылордаға арнайы экономикалық аймақ мәртебесінің берілу қажеттігін көтерді.

Бұл кезде Бердібек Машбекұлы өтпелі кезеңдегі өңір экономикасы және арнайы экономикалық аймақтар мәселесімен ғылыми түрде айналысып, Қызылорда облысының мысалдары негізінде «Өтпелі кезеңдегі өңір экономикасы», «Арнайы экономикалық аймақтар» оқулықтарын да жазып, оларды жарыққа шығарып үлгерген еді.

Сыр елінің географиялық орналасуы мен Оңтүстік Торғай бассейніндегі және Арал маңындағы болжанған мұнай мен газ қорын және Қаратау жотасының аяқталар тұсындағы қорғасын мен мырыштың және уранның мол қорын есепке алған ғалым-әкім Қызылорда облысында арнайы экономикалық аймақ құрудың тиімділігін дәлелдеп, 1996 жылы қарашада Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуына қол жеткізді.

Бердібек Машбекұлының ерлікке пара-пар бұл еңбегін Сыр халқы ешқашан естен шығармайды деп санаймын.

Сыр бойындағы табысты қызмет атқарған Бердібек Сапарбаев сол жылы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды. Сөйтіп, Сыр өңірін өрге сүйреп, дәулетін арттырған азаматқа Мемлекет басшысы тағы үлкен сенім артты. Оңтүстікті электр қуатымен, газбен, жылумен қамтамасыз ету, зейнетақы қарызын өтеу, жұмыс орындарын көбейту жөнінде бес тапсырма берді. Шындығында да, бұл кезде Шымкент, Түркістан, Кентау қалалары мен аудан орталықтарын электр қуатымен және газбен қамтамасыз етуде күрделі жағдай қалыптасқан еді. Газдың іркіліспен берілуінен, жарықтың болмауынан қаланың көпқабатты үйлерінің тұрғындары пәтерлерге пеш орнатып, оған шамасы келмегендер тамақтарын сыртта от жағып дайындауға мәжбүр болған. Аталған қалалардағы өндіріс орындары тоқтап, жұмыссыздық көбейген. Ауыл шаруасының да түйткілді мәселелері халықтың жанбағысына ауыр тие бастаған екен. Міне, осы күрмеулі, күрделі міндеттер кезең-кезеңімен іске асырылды.

Бердібек Сапарбаевтың мұнан кейінгі Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарына басшылыққа тағайындалуының мәнінде де оның іскерлігі мен біліктілігі басты орынға шықты. Өйткені, сол кезеңде бұл аймақтарда да шешімі қиын, шиеленіскен проблемалар туындап тұрған.

Тау көтерген Толағай сынды осынша күшқайратты биязы мінез, зиялы бойына сыйдыра білген Бекең қарапайым шаруа отбасында тәрбиеленіп, жасынан еңбек еміп өскендікпен бе екен, өмірде қарапайымдылықтың үлгісі болды. Ол өнер адамдарын жақсы көретін, өзі басшылық жасаған өңірде руханият өкілдерін әрдайым қолдап, оларды көтермелеп жүрді.

Осындай тамаша адами қасиеті жайында Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Бердібек Сапарбаев – халыққа болса екен деп, ел ішінде жақсы атым қалса екен деп, таңның атысы мен күннің батысы аянбай тер төгетін азамат. Ең бастысы, бүгінге емес, болашаққа жұмыс істейтін қайраткер. Жүрек жылуы мол адам!», – деп жазған еді.

Өзі өмірден өтсе де жүрген жерінде ізгілік ізін қалдырған асыл азаматтың аты өлмейді. Ел-жұртын жылытқан жүрек отының маздап тұра беретіні анық.

Мен Бердібек Сапарбаев рухының қазақ халқымен бірге жасап, болашақ иелеріне өнеге эталоны болып қалатынына еш күмәнданбаймын.

**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,**
**саясаттану ғылымдарының докторы,**
**профессор**

## ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН ЕР

«Алты алаштың анасы» атанған Сыр бойының төл перзенті, арда азамат, мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың мезгілсіз қазасы оны жақсы білетін барша жамағатқа ауыр тиді. Аймағымыздан қанаттанып ұшып шығып, асқар биіктерге ұя салған, қияларға қонып, қырандай самғаған Сыр бойының адал ұлы, жанашыры, елім деп еңбек еткен Бердібек Машбекұлындай тұлғадан күтпеген жерден айырылып қалу үлкен өкініш, әрине. Алланың ісіне амал жоқ.

Сыр бойының айтулы перзенті Бердібек Машбекұлы Сапарбаев бойына қазақтың барлық жақсы қасиеттерін, тілін, ділін сіңіріп, ұлттық рухқа қанығып өскен атпал азамат еді. Ол туралы енді өткен шақпен айту қандай қиын. Сондай ұлтжанды тұлғаны енді көрмесіміз, жанашыр лебізін, жылы сөзін естімесіміз жанға қаяу түсіреді.

Бердібек Машбекұлы өзінің өмір жолында, еңбек жолында көптеген биіктерді бағындырған, еліне адал еңбек еткен, халқына қалтқысыз қызмет жасаған қайраткер тұлға болды. Жаңақорған ауданында дүниеге келіп, өсіп-өнген қарапайым ауыл баласының маңдайына жазылған өрлеу жолы өнегелі де күрделі еді. Жаратылысынан бойындағы жігер, ұмтылыс, қайсарлық, батылдық, алғырлық қасиеттері, білімі оны үнемі алға жетеледі. Қандай қиындықтар болса да тайсалмай, іске жан-тәнімен кірісіп кететініне талай көзіміз жеткен.

Мен Бердібек Машбекұлымен 1996 жылдан бері жақсы таныс болып, қатарлас, қанаттас жүрдім, ол сол кезде облыс әкімі еді. Облыс көлеміндегі басқа атқарылған ауқымды істерді айтпай-ақ, сол қиын-қыстау кезеңде жоғары білім саласында жарқын болашаққа болжам жасап, жол сілтеп, кәміл сенім ұялатқан жақсы істерге бастама жасағаны жадымнан өшпейді. Қазіргі облыстық медициналық орталық маңайынан 20 гектардан астам жерді бөліп беріп, қаланың Бас жоспарына университет кварталы деп енгізілді. Келешекте бірнеше нысандарды біріктіретін үлкен кампус салынады деп межеленді. Сонымен бірге жеке тұрғын үй салуға 126 жер телімі бөлінді. Қазір соның біразы жүзеге асып, түрлі нысандар бой көтерді.

Оның облыс әкімі болып тұрғанда аймағымыздағы жоғары оқу орындарына жасаған ерекше қолдауын айта кеткім келеді. 1996 жылы біздегі «Южнефтегаз» бірлестігі канадалық «Харрикейн Хайдрокарбонз Лтд.» компаниясына өткен еді. Сол кезде оның президенті Кит Макрей болатын. Бердібек Машбекұлы біздің институт пен Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетін халықаралық деңгейге көтеру, әлемдік білім кеңістігіне шығару мақсатында екі оқу орнының ғалымдарын өңірімізге келген сол компанияның басшыларымен таныстырды. Соның нәтижесінде Канаданың халықаралық даму агенттігі (CIDA) – СИДА-мен Z010776 «Қазақстанның жоғары оқу орындарына техникалық көмек көрсету» бірлескен жобасы аясында бірінші рет Калгари қаласындағы Оңтүстік Альберта технологиялық институтында біздің 24 оқытушымыз мұнай ісі, бизнес, ақпараттық технологиялар, бақылау-өлшеу құралдары сияқты басым бағыттардан үш айлық тағылымдамадан, ағылшын тіліне оқытудан өтті, ағылшын тілінде 150 оқу-әдістемелік материал алынды, Auto-CAD-орталығы, бақылау-өлшеу құралдарының аспаптық зертханасы, дәнекерлеу орталығы ашылды, лазерлік атмосфералық байланыс желісі (ЛАЛС) орнатылды.

Канаданың Ауылшаруашылық Олдс колледжімен ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасалып, университеттің оқу-зертханалық базасы ретінде канадалық тәжірибемен аумағы 270 шаршы метр жылыжай салдық, онда алғаш рет европалық технологиямен көкөністер өсіру қолға алынды және ол әлі күнге жұмыс істеп келеді. Осының бәріне бағыт беріп, қолдау көрсетіп отырғаны үшін облыс әкіміне шексіз риза едік.

Ол жалпы Қазақстандағы басшы қайраткерлердің ішінде сирек кездесетін тұлға болды. Министр де болды, бес облыстың әкімі де болды. Қай жерде қиын, қай жерде проблема бар, сол жерге жіберілуі бұл – кез келген тұлғаның маңдайына жазыла бермейтін сындарлы жол. Сол жолдан Бекең сүрінбей, абыроймен өтіп, елдің есінде қалар айтулы тұлғасына айналды.

Бердібек Машбекұлының қолына алған қай ісі де оң шешімін табатын еді. Жамбыл облысына әкім болып тағайындалуы, шынымды айтсам, мені қатты толғантты. Апыр-ай, елдің бірлігі, ұлтаралық қарым-қатынас ширыққан сәтте сондай қиын күрделі мәселені шешуге келді-ау деп ойладым. Ұрыс алаңына, майданның алдыңғы шебіне тек тәжірибелі, батыл, ержүрек қолбасшылар жіберілетіні сияқты, Бердібек Машбекұлының да тағдырына қиындықтарды шешу жазылған екен дедім.

Әрқашан елмен байланыста болып, жағдайымызды, отбасымыздың амандығын сұрап отыратын қамқоршымыз, тілекшіміз, ұстазымыздай болған тұлғаны алдымыздағы ақылшы аға санайтынбыз, қайраткер ретінде ерекше құрметтейтінбіз. Амал не?! Тіршіліктегі татар тұз-дәмі таусылып, арамыздан кете барды, орны ойсырап қалды. Ендігі жерде фәни ғұмырындағы жақсы амалдары, ізгі істері бақи ғұмырын нұрландырып, алланың шапағатына бөленсін деп тілек тілеуден басқа амал жоқ. Отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіремін.

Бекең ұлтының адал ұлы еді. Алла қамқорлығына алсын! Оның жарқын бейнесі, азаматтық биік тұлғасы мәңгі есімізде сақталады.

**Қылышбай БИСЕНОВ,**
**ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Ұлттық құрылтайының мүшесі**

## ЕЛІН, ЖЕРІН ШЕКСІЗ СҮЙГЕН ТҰЛҒА

Мен ол кезде Тереңөзек ауданының әкімі болатынмын. Бекеңмен жұмыс бабымен бірінші кездескеннен бастап түсіністік, әріптестік қарым-қатынас қалыптасты. Облыс басшылығына келгеннен кейін Бердібек Машбекұлы облыс аудандарын түгел аралап көріп, халқымен кездесіп, барын-жоғын, бүгінгісін, ертеңін бәрін таразылап, әр аудан жөнінде перспективалық даму жоспарларын жасады. Соның ішінде біздің ауданды алғашқылардың бірі ретінде аралап шығып, барлық мүмкіндіктерін талдап, аудан орталығында үлкен актив жиналысын өткізді. Ауданның сала басшылары, тұрғындары, ауыл әкімдері, ардагерлер, басқа да қоғамдық ұйымдар жетекшілері алдағы жұмыстарға үлкен бағыт алды.

Облыстың басқа аудандарымен қатар біздің ауданның да экономикалық-әлеуметтік дамуы ол кісінің үнемі назарында болды. Жиі аралап, халықпен кездесіп, ауданның өзі атқаратын жұмыстарға халықтың көзін жеткізіп, облыс, республика деңгейінде шешілетін мәселелерге көмектесіп отырды. Сол кездерде барлық аудандарда кіші кәсіпкерлік дамыды, әлеуметтік құрылыстар салынды. Осындай қамқорлықтың, орынды қатаң талаптың, жүйелі бақылаудың арқасында Тереңөзек ауданы 1995-1999 жылдары әр жылдың экономикалық-әлеуметтік қорытындысы бойынша 1-2 орындарды иеленіп жүрді, 1998 жылы облыс бойынша ең озат аудан болып танылды.

Бердібек Машбекұлының ешкімге ұқсамайтын адамды бірден өзіне тартып, баурап алатын ерекше қасиеттері бар. Менің ойымша, ол қасиеттер қарапайымдылығы, биік пайым-парасаттылығы, терең білімділігі, еңбек адамына, қалың көпшілікке жақындығы, әділдігі, сөздің де, істің де байыбына баратындығы, тыңдай білетіндігі, көп басшылар сияқты менің ғана айтқаным дұрыс деп көкірек көтермейтіндігі, адалдығы, тазалығы, кадрлерге деген сенімі, қиын жағдайларда жауапкершілікті өз мойнына алатындығы, батыл шешім қабылдайтыны, адам алаламайтыны, көп ізденіп, көп оқитындығы, білетін адамнан үйренуге жалықпайтыны, уәдеге беріктігі, достыққа берілгендігі, қоғамдық пікірмен санасып отыратындығы. Осы қасиеттері үшін қай жерде жұмыс атқарса да, ол кісіні қарапайым халық өте жақсы көрді, осындай лебізді біз Бекең басқарған басқа облыстың халқынан да естіттік.

Қызылорда облысын нарықтық экономика қойып отырған қатаң талап деңгейіне жеткізу мақсатындағы қат-қабат жұмыстарға қарамастан мәдениеттің, спорттың дамуына жүйелі көңіл бөлетін, өзекті проблемаларын шешіп беріп отыратын. 1997 жылы Президенттің Жарлығымен бірнеше облыстар таратылып, территориялық өзгерістер болды. Айтуларына қарағанда Қызылорда облысына да таратылу қаупі болыпты. Осы жерде облыстың қазба байлығы, мұнай мен газы, суармалы жері, басқа да потенциалының бар екенін Бердібек Сапарбаев дәлелдеп, Қызылорда облысы сақталып қалды. Қызылорда облысының бір ауданы таратылатын болды. Сол кезде осы мәселе бойынша құрылған комиссияға Тереңөзек ауданының даму перспективасын дәлелдеуге, әсіресе егін шаруашылығы бойынша мүмкіндіктерді ашып көрсетуге тура келді. Ол кезде Тереңөзек территориясындағы жалға алынған жерлер мен Тереңөзектің тарихи өзіне қарасты жерлерінен де мұнай өндіріле бастаған, оның да үлкен пайдасы болды. Осы дәлелдер мен дәйектердің барлығын назарға алып, Бердібек Машбекұлы Тереңөзек ауданын сақтап қалды, ол үшін Тереңөзек халқы осы күнге дейін ризашылықтарын білдіріп отырады. Кейін Бердібек Машбекұлы ауданның атын облысты асырап отырған жалғыз өзен Сырдарияның атымен атау жөнінде ұсыныс жасады, оны тұрғындар толық қолдады.

Қызылорда облысында әкім болған кезінде облыс экономикасының әлеуетін көтеру жөніндегі қыруар атқарған жұмысынан, келешекке белгілеген жоспарлары, жобалары бірнеше есе ауқымды еді.

Сол кезеңде атқарылған жұмыстар бүгінгі облыста жүзеге асып жатқан экономикалық-әлеуметтік жаңғыртуларға, салынып жатқан ірі құрылыстарға, ендіріліп жатқан жаңа технологияларға, индустриялық-инновациялық жобалардың орындалуына берік негіз болып қаланды.

Бердібек Машбекұлы Қызылордадан кейін бірнеше облысты басқарып, басқа қызметтерге ауысып кетсе де біздің сыйластығымыз, қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Соңғы рет Бекеңмен 2023 жылдың 4 наурызында кездесіп, ойымыздағыны айтып, сұхбаттасып қалып едік, сондай көңілді, ақжарқын отырды, бұл кісіден ұзамай айырылып қаламыз деген ой санамызда болған жоқ.

Жан-жақты, айналасына, жүрген жеріне нұрын шашып жүретін Сыр елінің азаматы, республикаға ортақ үлкен тұлға еді. Өзіне жүктелген сенімді ақтап, 5 облысты да қиын-қыстау кезеңде басқарып, оларды заман талабына сәйкес қалыптастырып, дамытуға ұшан-теңіз еңбек еткен, зейнетке шықса да ел болашағы үшін ақыл-ойын, білім-білігін, күш-жігерін аямай жұмсап жүрген жаны жомарт азамат еді.

Елін, жерін, жұртын сүйген Сыр елінің талантты перзенті Бердібек Машбекұлын бір сәтте жоғалтып алу бәріміз үшін үлкен өкініш. Қолдан келер қайран жоқ! Отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз. Алды пейіш, арты кеніш болғай!

**Алмагүл БОЖАНОВА**

# ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ ӘРІПТЕСТІК

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Бес жылдыққа – бес әдеби сапар» атты рухани тағылымды жиын өтті. Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастырумен өткен әдеби-мәдени жүздесуде екі өңірдің руханият өкілдері етене танысып, өзара шығармашылық байланыс орнатты.

**Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»**



Айта кетейік, 2018 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта құрылған еді, яғни, биыл Түркістан облысына 5 жыл. Осыған орай облыстық кітапхана ұйымдастырған іс-шара аясында түркі жұртының рухани астанасы Түркістан өңірінің тарихы және рухани, мәдени саладағы тың жаңалықтары терең насихатталды. «Тарихыңды таны, тұлғаңды құрметте» тақырыбында жасақталған көрме таныстырылып, келушілер назарына ұсынылды. Одан әрі әдеби іс-шара дөңгелек үстел басындағы жиында жалғасты.

Жиынды ашқан Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас Түркістан облысынан келген қонақтарға Сыр елінің атынан ілтипат білдіріп, естелік сыйлық табыстады. Сондай-ақ, Сыр руханиятын көтеруде еселі еңбек етіп жүрген әдебиет өкілдерін таныстырды. Олардың қатарында эколог-қаламгер, «Кіші Арал», «Қазақстан арнасы» идеяларының авторы, «Парасат» орденінің және отандық әдебиет саласы бойынша ҚР Мемлекеттік стипендиясының иегері Сайлаубай Жұбатырұлы бастап, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Қазыбай Құдайбергенов, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының басшысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, жазушылар Несібелі Рахмет, Қали Омаров, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов болды.

Киелі Түркістан шаһарының тарихы мен облыс орталығына айналған аз уақыт ішінде қалыптасқан жаңаша келбеті бейнефильм арқылы көрсетілді.

Айтыскер ақын, жырау, ҚР Мәдениет саласының үздігі Серік Ыдырысов «Фараб» кітапханасының ұжымына арнау айтты. Жиын барысында сөз алған «Фараб» кітапханасының басшысы Жанат Шардарбекова Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Кәрібозұлына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Б.Тәжібаевтың сәлемін жеткізіп, Алғыс хат пен сыйсияпат табыстады. Сонымен қатар, қаламгерлер Сайлаубай Жұбатырұлы мен Қаршыға Есімсейітоваға құрмет көрсетті.

Жиында қаламгерлер Алаштың астанасы болған, Алаш қайраткерлерінің ізі қалған Сыр өңірі жайлы әңгімеледі. Аймақтың тарихынан естеліктер айтылып, ақындар өлең оқыды.

Қазақстан Жазушылар одағы Түркістан облыстық филиалының басшысы Айдар Сейдазым, облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, Мәдениет саласының үздігі Жанат Шардарбекова Сыр өңіріне сапарлай келіп, әріптестік аясын ұлғайтуға негіз болған тақырып төңірегінде келелі ой айтты. Сонымен қатар, келешекте бірлесе зерттеп, зерделей түсетін тақырыптар жеткілікті екенін атап өтті.

Ақын, «Алтын қауырсын» медалінің иегері Сайлаухан Жоланов, ақын, композитор, қобызшы Шерхан Әлібеков, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрғали Сердалиев, мәдениет және туризм басқармасының баспасөз хатшысы Тұрсынай Шаметова, ақын, журналист, «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Бауыржан Ерман өз шығармаларын назарға ұсынып, көптің қошеметіне бөленді.

–Түркістан облысы әкімінің орынбасары Б.Тәжібайдың бастамасымен жолға қойылған «Ауыл кітапханаларына 20 мың кітап» акциясына орай кітап қорын оқырман сұранысындағы әдебиеттермен қамтамасыз ету бағытында Тараз, Алматы, Астана қалаларында өткен шара барысында 12 мыңнан астам кітап жинақталды. Ал Қызылорда облысына сапар барысында 4000-ға жуық кітап сыйға алып отырмыз, – дейді облыстық кітапхана басшысы.

Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу арқылы абырой тұғырына көтерілген сыйлы тұлғалар қатарындағы Исағали Жұмағұлов 85 жасқа толып отыр.

# ЕЛ АҒАСЫ



1938 жылы 13 маусым күні Қармақшы ауданы Иіркөл жағасында туған Исекең барлық ауыл балалары сияқты асық ойнап, атқа шауып, пішен орып, отын дайындап, мал жайғастырып, шымыр болып өсті. Оның көшбасшылық қабілеті мектеп қабырғасында қалыптасты. Өзінің таудай талабының арқасында бірнеше қиындықтан кейін, 1956 жылы Қызылорда педагогикалық институтының химия-биология факультетіне оқуға түсіп, оны 1961 жылы ойдағыдай бітіріп, диплом алды. Еңбек жолы «Қармақшы» совхозындағы № 113 мектепте химия-биология пәнінен сабақ беруден басталды, оқу ісінің меңгерушісі болып көп жаңалықтар енгізді.

Талапты жасты аудан басшылары 1967 жылы «Қармақшы» совхозының партия комитетінің хатшылығына сайлады, кейін 21 жыл аталған совхозда директор болып қызмет атқарады.

«Қармақшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ашып жұмысын жалғастырды. Осы шаруашылықты 33 жыл басқарған уақытта халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарды, совхоз орталығы гүлденді. 624 орындық мектеп, емхана, қонақүй, балабақша, тұрғын үйлер, кірпіш зауыты, мал қоралары салынып пайдалануға берілді.

«Қармақшы» совхозы 1983 жылы бірінші рет Одақ бойынша жеңімпаз атанып, «Қызыл Туды» жеңіп алды. Ауылда 1975 жылмен салыстырғанда қой 30 мың бастан 60 мыңға, жылқы 300-ден 1000 басқа, түйе 250-ден 750 басқа өскен еді.

Осындай жетістіктердің арқасында «Қармақшы» совхозы обкомның қаулысымен озат тәжірибе мектебі болып құрылды. Жетістіктері насихатталды, облыстық семинарлар ұйымдастырылды. Әсіресе арендалық-мердігерлік әдіспен жұмыс істеу, толық шаруашылық есепке көшу, өзін-өзі қаржыландыру тәжірибелері барлық шаруашылықтарға ұсынылды.

Исекең басқарған шаруашылық 1978-1980 жылдары облыстың озат шаруашылығы атанып, «Құрмет тақтасына» жазылды. 1981 жылдан бастап республиканың озат шаруашылығы, 1982 жылдан СОКП Орталық Комитетінің, ВЛКСМ-ның ауыспалы «Қызыл Туы» мен Құрмет грамотасын 7 рет жеңіп алды.

Исағали аға облыстық, аудандық партия комитеттерінің пленум мүшесі болып бірнеше рет сайланды. Еңбегі ескеріліп, 1983 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерекше ерлігі үшін» медалімен 4 рет, ВДНХ-ның медальдарымен марапатталды. Ол Қармақшы ауданының Құрметті азаматы, халқы сыйлайтын ел ағасы, ауданның қамқоршысы. Жасы 85-ке келсе де, өзі ашқан серіктестік жұмысын бақылап отырады әрі құрылтайшысы.

Қызмет істеген кездерінде жұмыс бабымен аталған совхозға жиі баратынмын. Бір күні Исекеңе сауал қойдым:

– Осы табысқа қалай жеттіңіз? Сіздің алдыңызда 5-6 директор совхоз басқарды, бірақ табысты болмады, – деп ашығын айттым.

Исекең мақтаныш сезіммен:

– Бұрын біздегі қой шаруашылығының нашар дамуының себебі – шопандар еңбекақысы төмен болды. Осыған байланысты малшылардың ынтасы болмады, өз істеріне ешқандай қызықпады, мал бағуға барғысы келмеді.

Сондықтан шаруашылық есепке көштік, мердігерлік әдіспен жұмыс жасадық, оларға бар мәдени-тұрмыстық жағдай жасалып тұрды, еңбекақы түпкі нәтижеге байланысты төленді, – деп өз тәжірибесін айтты.

Облыс басшылары Исекеңді басқа лауазымды қызметке де ұсынды. Бірақ ол «қызмет қайда қашар дейсің, ауылыма, халқыма әлде де істей алмай жатқан жұмыстарым бар еді» деп жауап берді. Оның ауылын Марал баба немесе Ишан ауылы деп те атайды.

Егемендік алған алғашқы жылдары бір совхозды 20 жылдан астам басқарған директорларға шаруашылықтың 20 пайыз үлесі берілетін. Облыс бойынша сол үлесті тек ғана Исағали Жұмағұлов алды. Алайда, үлесін ортақ меншікте қалдырып, шаруашылықты таратпай, жұмысын одан әрі жалғастыра берді. Қазір асылтұқымды түйе өсірумен айналысып жатыр.

Исекең – Марал бабаның ұрпағы, осы ауылда табан аудармай 50 жылға жуық еңбек етті. Оның халқына адалдығын осыдан-ақ көруге болады.

Құдай қосқан қосағы марқұм Кеніш Смайылқызымен 8 ұлқыз өсіріп, оқытып тәрбиеледі. Немере, шөберелері өсіп, өркендеп жатыр. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасында ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі ретінде саланың болашағы туралы ойын айтып, ақыл-кеңесін беріп отырады.

**Нұрлыбай ҰЛЫҚБАНҰЛЫ, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# БӘРІ ДЕ ОТАН ҮШІН!




Кеңес Үкіметінің радио арқылы Отанды қорғау жөніндегі шұғыл шақыруына үн қосқан облыс еңбекшілерінің жиындары, жиналыстары жер-жерде өтті. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Отан үшін» деген жалынды шақыру облыс тұрғындарын жанкешті еңбекке жұмылдырды.

Қызыл Армияны, тылды ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етуде Қызылорда облысына айрықша мән берілді. 1941 жылдың маусым айынан қазан айының 15-не дейінгі аралықтың өзінде ғана Отан қорғау қорына облыс еңбекшілері, соғыстың басталған күнінен есептегенде, 2 млн 449 мың сомның облигациясын, 916 мың сом нақты ақша аударған. Осы 4 ай мерзім ішінде 1298 центнер астық, 134 центнер ет, 6 центнер сары май жиналып, сонымен қатар, жауынгерлерге арнап 708 қысқа тон, 2215 пима, 3480 қалпақ, 1920 жүн шұлық, 2319 мақталы шалбар, 2987 құлақшын, 878 қалың көйлек және тағы басқа көптеген киімдер жіберген. Бұл дүние-мүлікті жинастыруға сол кездегі облыс аумағындағы 266 колхоз, 359 өндіріс орны, мекеме, ұйымдар қатысқан.

Астық тапсыруды 1941 жылы Сырдария, Қармақшы, Жалағаш, Арал және Жаңақорған аудандары мерзімінен бұрын орындады. Әр гектардан жоспардағы 9,5 центнер орнына 11,5 центнерден өнім алынды. Нәтижесінде облыс бойынша 170 мыңның орнына 178,8 мың центнер астық тапсырылды. Сондай-ақ, майданға көмек ретінде күріш алқаптарының өнімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Мал шаруашылығында 6 мыңнан астам малшы (еңбекке жарамды колхозшылардың 25 пайызы) жұмыс жасады. Соғыс жылдарында орта есеппен төлдейтін әрбір жүз малдан 119 қозы, 78 бұзау, 78 құлын, 46 бота алынды. Облыс мал өсіруден, төлдейтін мал санын арттырудан, жем-шөп қорын жасаудан бірнеше рет республикада алдыңғы орындарды жеңіп алды.

Арал балықшылары Қазақ КСР балық өнеркәсібінің барлық қызметкерлеріне, балықшыларына, инженер-техниктеріне үндеу арнады. Онда: «Сталинград түбіндегі жауынгерлердің жеңісімен рухтана отырып, біз, Солтүстік Аралдың балықшылары, социалистік жарысты өрістету негізінде Қызыл Армияға балық қанша қажет болса, сонша беру үшін күресеміз», – делінген.

Облыс 1942 жылы 1941 жылға қарағанда 2 миллион пұт астықты артық дайындады. Шиелі ауданындағы «Авангард» ауылшаруашылығы артелінің колхозшысы Ким Ман Сам 20 гектар күріш егістігінің әр гектарынан 160 центнерден өнім жинады.

Тек 1942-1944 жылдары мемлекетке 53600 центнер ет, 2800 центнер май, 3870 центнер жүн, 25480 дана мал терісі соғыстан бұрынғы үш жылғыдан артық көлемде тапсырылды. Облыс малшылары осындай жанқиярлық еңбектері үшін КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

Барлық кәсіпорындар соғысқа қажетті өнімдер шығаруды қолға алды. Әскери тапсырыстар, қару-жарақ және басқа да заттар жасалды. 1942 жылы 17 желтоқсанда «Қызылорда колхозшысы» атты танк колоннасы, Жаппасбай Нұрсейітов атындағы сүңгуір қайық және тағы басқа техникалар іске қосылды.

Киім тігу, мина мен қол гранатасын шығаруға Қазалы депосына 5, Қызылорда депосына 7, Арал депосына 1 станок бөлінді. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1943 жылғы 23 қаңтардағы қаулысы бойынша Жосалы механикалық зауытына 82 миллион шойын минасын жасау және басқа да қорғаныс заттарын шығару міндеттелді.

Күріш көлемі 1943 жылы тағы да 3 мың гектарға ұлғайып, 27 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді.

Майданға көмек көрсету жөніндегі патриоттық бастамаға үн қосқан Қ.Баймағанбетов, Ш.Қоянов, Қ.Пірімов, Ы.Жақаев, Ким Ман Сам, Қ.Ділімбетов сынды облыс колхозшыларының әрқайсысы майдан қорына 100 мыңнан 325 мыңға дейін ақша аударды.

## ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

# ҮШ АДАМ ҚАЗА ТАПТЫ

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тасжолының Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылының тұсында екі жеңіл көлік соқтығысқан. 11 маусым күні орын алған қайғылы оқиға салдарынан 3 адам көз жұмып, 2 адам түрлі дене жарақаттармен ауруханаға жеткізілген.

– ҚР Қылмыстық кодексінің 345-бабы 4-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Тиісті сот сараптамалары тағайындалды. Оқиғаның мән-жайы анықталып жатыр, – делінген полиция ақпаратында.

# КӨШЕДЕГІ КӨЛІК АПАТЫ

Қызылордада төрт жеңіл автокөлік соқтығысып, біреуінің алдыңғы бөлігі жанып кетті. 10 маусымда, сағат 22:25-те Абай көшесінің бойында автокөлік жанып жатқаны жөнінде 101 пультіне хабарлама түскен.

– Оқиға орнына №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінен 2 техника мен 7 қызметкер шықты. Олар 22:29-да оқиға орнына жетті. Көше бойында 4 автокөліктің соқтығысуынан «Toyota Estima» автокөлігінің алдыңғы қозғалтқыш бөлігі жанған. Автокөлікке газ орнатылғаны анықталды. Өрт 22:45-те толығымен сөндірілді. Адамдар аман, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің баспасөз хатшысы Әлия Ережепова.

# МӘСКЕУЛІКТЕР ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Шомылу маусымы ашылғалы бері бірнеше адам құтқарушылардың табандылығының арқасында ажалдан аман қалды.

Соның бірі 2 маусым күні Арал ауданы Қамыстыбас елді мекені Қамбаш көлінің «Аққұмшық» жағажайында болды. Демалушылардың «Сабборт» қайығымен ығып кетіп, жағаға қайта алмай қалғаны туралы 101 пультіне хабарлама түскен. Шақырту бойынша Арал ауданы Қамыстыбас елді-мекеніндегі жедел құтқару жасағының құтқарушылары жұмылдырылған.

Құтқарушылардың шапшаң әрі кәсіби біліктілігінің нәтижесінде мәскеулік ерлі-зайыпты жағадан 4 шақырым жерден құтқарылып, құтқарушы-медбике А.Базарбаева алғашқы медициналық көмек көрсеткен.

Аман қалған 1975 және 1986 жылғы мәскеулік ерлі-зайыпты құтқарушыларға өз алғыстарын білдірді.

**А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ**

## Дүние дүрмек

# «ДЖУНГЛИ БАЛАЛАРЫ»

Колумбияда ұшақ апатынан кейін 40 күн өткенде ұшақта болған 4 кішкентай бала аман табылды. Ел президенті Густаво Петро оларды «джунгли балалары» деп атады.

Төрт бала Амазонкада бір айдан астам уақыт тіршілік еткен. Балалардың әжесі Мария Фатима Валенсия Виллависенсиода тұрады. Ол балалармен тезірек қауышып, құшағына алғысы келетінін, құтқарушыларға алғысы шексіз екенін жеткізді.

Колумбия әуе күштері балаларды санитарлық көлікпен ел астанасы Боготадағы әскери-көлік әуе қолбасшылығына жеткізгенге дейін оларды ұшақта дәрігерлер тексерген.

Әуе күштерінің мәліметінше, төрт дәрігер, оның ішінде педиатр және неонатолог медициналық көмек көрсеткен. Балалар аштық пен шөлден әбден әлсіреген, олардың психикалық жағдайына да дәрігерлер баға береді.

# МЕКТЕПТЕГІ СОҢҒЫ ЕРЕУІЛ

Швециялық экобелсенді Грета Тунберг қоршаған ортаны қорғауға арналған мектептегі соңғы ереуілін өткізді.

«Мектептегі ереуілдердің 251-ші аптасы. Бүгін мен мектеп бітіремін, сол себепті климатты қорғап ереуілге шыға алмаймын. Бұл – менің мектептегі соңғы ереуілім», деп жазды Тунберг Twitter-де.

2018 жылдың тамызында Швециядағы парламент сайлауына бір апта қалғанда Грета Тунберг алғаш рет Стокгольмда климатты қорғау акциясына шықты. 15 жасар оқушы саясаткерлерді Жердегі температураның бір жарым градустан артық көтерілуіне жол бермеу үшін жедел шаралар қолдануға мәжбүрлегісі келді.

Көп ұзамай Гретаны үлгі еткен әлемдегі басқа да мектеп оқушылары жұма күндері мектептегі сабағына бармай климатты қорғау акциясына қатыса бастады. Тунберг жаһандық «Жұма болашақ үшін» қозғалысының негізін қалаушы әрі климат өзгеруінің салдарына алаңдайтын өз буынының рупорына айналды.

# МИГРАНТТАРДЫ ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Италияның жағалау күзеті Ион теңізінде апатқа ұшыраған қайықтардағы мыңдаған мигрант пен босқынды аман алып қалғанын мәлімдеді.

Ауа райы жақсарғаннан кейін Италияның теңіздегі шекарасын заңсыз кесіп өтуге тырысқан мигранттар көбейген. Жағалау күзеті мен қаржы полициясының қайықтары балық аулауға арналған шағын кеме бортындағы 130-ға жуық Пәкістан азаматын құтқарды. Ақпарат бойынша, мигранттар Ливиядан шыққан.

Бұған дейін екі патруль катері Frontex кемесінің (еуропалық агенттік) көмегімен балық аулауға арналған кемеден 590-ға жуық адамды аман алып қалды.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Қызылорда қаласы бойынша «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-не қарасты қалаішілік бағыттарда жол ақысына сараланған (дифференцируемый) тарифтің енгізілуі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулардың өтетіні туралы хабардар етеміз.

Тыңдаулар «Дөңгелек үстел» форматында өтеді.

Өтетін уақыты: 15.06.2023 ж. Сағат: 15:00

Өтетін орны: Жібек жолы 3 тұйығы, 16 құрылыс («Қызылорда» автобус паркі» ЖШС ғимараты)

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 6 маусымдағы ұйғарымымен «Ильяс Строй Сервис» ЖШС-на (БСН 170440029560) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148-149-баптарының және Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 41-42-баптарын басшылыққа ала отырып, өзіне оңалту рәсімін қолдану туралы арызын жібергені жөнінде хабарлайды. Сұрақтар бойынша байланыс телефоны: 87012173717.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті ұжымы Мемлекет және қоғам қайраткері **Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 24332 Тапсырыс №922 Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА**